

Ақтоғай ауданы Шолақсор ауылдық округінің Шолақсор ауылындағы кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Шолақсор ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 желтоқсанда № 6145 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Ақтоғай ауданы Шолақсор ауылдық округі Шолақсор ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 25 қазандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Шолақсор ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтоғай ауданы Шолақсор ауылдық округінің Шолақсор ауылындағы келесі көшелері:

"Целинная" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі;

"Космонавтов" көшесі "Ғарышкер" көшесі;

"Советская" көшесі "Достық" көшесі;

"8 марта" көшесі "Болашақ" көшесі;

"Ленинградская" көшесі "Тың" көшесі;

"Мира" көшесі "Бейбітшілік" көшесі;

"Садовая" көшесі "Бірлік" көшесі;

"Целинная" көшесі "Береке" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шолақсор ауылдық
округінің әкімі*

Х. Ахтанов